

# **ЕРЕЖЕЛЕР**

## **ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ БОЙЫНША**

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

## 9, 11-сыныптар

Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылына білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдері:

- **9-сынып оқушылары үшін** қорытынды бітіру емтихандары:  
**2026 жылғы 29 мамыр мен 11 маусым аралығында;**
- **11-сынып оқушылары үшін** мемлекеттік бітіру емтихандары:  
**2026 жылғы 2 маусым мен 15 маусым аралығында.**

*Барлық мектеп сыныптарында жазбаша емтихан жұмыстары Астана қаласының уақыты бойынша **таңғы сағат 10:00-де** басталады.*

## 9, 11-СЫНЫПТАРДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

### 9-сынып оқушылары үшін:

1. **Математикадан (алгебрадан)** жазбаша емтихан – **2026 жылғы 29 мамыр**;
2. **Таңдау пәні бойынша** жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс/информатика) – **2026 жылғы 3 маусым**;
3. **Ана тілі бойынша эссе нысанындағы** жазбаша емтихан (оқыту тілі қазақ/орыс тілдеріндегі мектептер үшін) – **2026 жылғы 8 маусым**;
4. **Қазақ тілі мен әдебиетінен** (орыс тілінде оқытатын сыныптарда) және **орыс тілі мен әдебиетінен** (қазақ тілінде оқытатын сыныптарда) жазбаша емтихан – **2026 жылғы 11 маусым**.

### 11-сынып оқушылары үшін:

1. **Қазақстан тарихынан** ауызша емтихан – **2026 жылғы 2 маусым**;
2. **Алгебра және анализ бастамаларынан** жазбаша емтихан – **2026 жылғы 5 маусым**;
3. **Қазақ тілінен/орыс тілінен (оқыту тілі)** жазбаша емтихан – **2026 жылғы 9 маусым**;
4. **Таңдау пәні бойынша** жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – **2026 жылғы 12 маусым**;
5. **Қазақ тілі мен әдебиетінен** (орыс тілінде оқытатын сыныптарда) және **орыс тілі мен әдебиетінен** (қазақ тілінде оқытатын сыныптарда) жазбаша емтихан – **2026 жылғы 15 маусым**.

## 9, 11-СЫНЫПТАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУЫ

### 9-сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға:

- Жалпы жазбаша жұмыстарға – **2 астрономиялық сағат**;
- Математикадан (алгебрадан) (жазбаша) – **3 астрономиялық сағат** бөлінеді.

### 11-сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға:

- Жалпы жазбаша жұмыстарға – **3 астрономиялық сағат**;
- Алгебра және анализ бастамалары бойынша – **5 астрономиялық сағат** бөлінеді.

Қорытынды аттестаттаудан өтетін **ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін**, мектептің ұсынымдарына сәйкес білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі емтихан комиссиясының шешімімен емтихан тапсыру кезінде **қосымша уақыт** беріледі.

## **МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ**

9, 11-сынып түлектерін мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға білім алушылар **шетелге оқуға түскен немесе тұрақты тұрғылықты жерін шетелге ауыстырған жағдайда** растайтын құжаттарды ұсынған кезде жіберіледі және оқу жылының аяқталуына **2 ай қалғанда** қорытынды бітіру емтихандары немесе мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында өткізіледі.

9 және 11-сынып түлектерін мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды білім беру ұйымдары өткізеді. **«Алтын белгі»** аттестатын алуға үміткер мерзімінен бұрын аттестаттауды **«5» деген бағаға** тапсырған жағдайда, білім беру ұйымдары № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша үздік аттестат береді. Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға арналған емтихан материалдарын білім басқармалары әзірлейді.

## ҚАЙТА ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

1) Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 9 және 11-сынып білім алушылары мектепте тиісті оқу пәндері бойынша емтихан нысанында **қайта қорытынды аттестаттауға** жіберіледі.

2) Қайта қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын білім басқармалары әзірлейді. Қайта қорытынды аттестаттаудан өткен 9-сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша негізгі орта білім туралы аттестат беріледі. **Қайта аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алған 9-сынып оқушылары қайта оқу жылына қалдырылады.**

Қайта қорытынды аттестаттаудан өткен 11-сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

**Үш және одан да көп пәннен «2» деген баға алған 9-сынып білім алушылары** қорытынды аттестаттауға жіберілмейді және қайта оқу жылына қалдырылады.

**Үш және одан да көп пәннен «2» деген баға алған 11-сынып білім алушылары** қорытынды аттестаттауға жіберілмейді және № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша анықтама алады.

## ЕМТИХАН МАТЕРИАЛДАРЫ

9-сынып білім алушыларына арналған емтихан материалдарын (тапсырмалар мен балл қою схемасы) облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары дайындайды.

11-сынып білім алушылары үшін, сондай-ақ республикалық мектептердің 9 және 11-сынып білім алушылары үшін материалдарды ҚР Білім және ғылым министрлігінің **«Ұлттық тестілеу орталығы»** ШЖҚ РМК дайындайды.

«Көркем еңбек», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» және «Дене шынықтыру» пәндері бойынша босатылу білім алушылардың үлгеріміне, келесі сыныпқа көшуіне және қорытынды аттестаттауға жіберілуіне әсер етпейді.

## **ҮЗДІК АТТЕСТАТ, «АЛТЫН БЕЛГІ»**

**9-сынып:** 5-9 сыныптар аралығында барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған білім алушыларға **негізгі орта білім туралы үздік аттестат** беріледі.

**11-сынып:** Аттестат қосымшасына енетін пәндерден «5» бағасы бар және 10-11 сыныптарда барлық пәннен жылдық, қорытынды бағалары «5» болғандарға **жалпы орта білім туралы үздік аттестат** беріледі.

**«Алтын белгі»:** 5-11 сыныптар аралығында барлық пәннен жылдық және қорытынды бағалары «5» болған, негізгі орта білім туралы үздік аттестат алған, 10-11 сыныптарда барлық пәннен тоқсандық бағалары «5» болған және қорытынды аттестаттауды «5»-ке тапсырған 11-сынып білім алушыларына беріледі.

## ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН БОСАТУ

Білім алушылар мына жағдайларда қорытынды аттестаттаудан босатылады:

1. Денсаулық жағдайы бойынша;
2. I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала жасынан мүгедектер;
3. Халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін ҚР құрама командасына үміткер жазғы оқу-жаттығу жиындарының қатысушылары;
4. Жақын туыстарының қайтыс болуы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар немесе жеке оқу бағдарламасымен оқитын білім алушыларды аттестаттау мәселесін **педагогикалық кеңес** жеке шешеді.

## **ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН БОСАТУ**

Босату туралы бұйрықтар мынадай құжаттар негізінде шығарылады:

1. № 026/у нысанындағы ДКК қорытындысы;
2. Педагогикалық кеңес шешімінен үзінді және мектептің қолдаухаты;
3. Үлгерім табельдерінің түпнұсқасы мен көшірмесі (№ 130 бұйрық бойынша);
4. Жақын туыстарының қайтыс болуы туралы куәлік.

Құжаттар мектеп басшысының қолымен және мөрімен расталады. Қорытынды аттестаттаудан босатылғандардың қорытынды бағасы **жылдық баға негізінде** қойылады.